

2) телефондық қосылу қызметіне ақы төлеудің тіркелген абоненттік жүйесі (бұдан әрі - қызметке ақы төлеудің абоненттік жүйесі) - байланысты пайдаланушының белгілі бір, уақыт кезеңіндегі төлемдер сомасы абоненттік желіні, оның түріне қарамастан, абонентке тұрақты пайдалануға беру ақысын және бір абонентке шаққанда оның

орташа ұзақтығына қарай жергілікті телефонды қосу ақысын қамтитын қызметке ақы
т ө л е у ж ү й е с і ;

3) жоғарғы жиілікті құрылғылар - телекоммуникация саласында қолдануын қоспағанда, өнеркәсіптік, ғылыми, медициналық, тұрмыстық және басқа мақсаттарда электр магниттік энергиясын өндіруге және пайдалануға арналған жабдық және (немесе) а с п а п т а р ;

4) басымдық байланыс операторы - Қазақстан Республикасының монополияға қарсы заңнамасына сәйкес, байланыс саласында басымдық жағдайға ие болып отырған (монополиялық) байланыс операторы;

5) кабельді канализация - байланыс кабельдерін төсеу, құру және техникалық қамтамасыз етуге арналған жер асты құбырлары мен құдықтардың жиынтығы;

6) арнайы курьерлік және фельдъегер байланыстарының арналары - фельдъегерлердің алып жүруімен арнайы жіберілімдерді жөнелтуге пайдаланылатын, арнайы курьерлік және фельдъегер байланысы бөлімшелерінің жиынтығы;

7) радиожілік спектрінің конверсиясы - азаматтық мақсаттағы радиоэлектронды құралдардың радиожілік спектрін пайдалануды ұлғайтуға жұмсалатын шаралардың ж и ы н т ы ғ ы ;

8) байланыс желілері - тарату жолдары (кабельдік, радиорелейлік және басқалары), байланыстың табиғи тізбектері және желілік кабельді құрылыстары, оның ішінде, Қазақстан Республикасының немесе басқа елдердің байланыс операторлары телекоммуникациялық желілерінің қалааралық (халықаралық) телефон станцияларын қосатын магистральдық байланыстар;

9) магистральдық байланыс операторы - магистральдық байланыс желісіне ие болушы және (немесе) пайдаланушы және басқа байланыс операторларына трафик транзиті және желілік ресурстардың берілуі бойынша қызмет көрсетуші байланыс о п е р а т о р ы ;

10) қалааралық телефон байланысы - жергілікті телефондық қосулардан басқа, Қазақстан Республикасының аумағында тұратын байланыс қызмет көрсетулерін пайдаланушылары арасындағы телефондық байланыс;

халықаралық телефондық байланыс - Қазақстан Республикасының аумағында тұратын және басқа мемлекеттің аумағында байланыс қызмет көрсетулерін пайдаланушылары арасындағы телефондық қызмет;

11) желіаралық қосылулар - телекоммуникацияның бір желісін екіншісіне қосу қызметі көрсетілуінің нәтижесі болып табылатын телекоммуникация желілерінің өзара і с - қ и м ы л ы ;

12) телекоммуникацияның жергілікті желісі - бұл қалаларда және ауылдық елді-мекендерде телекоммуникацияны жүзеге асыруға арналған коммутациялық жабдықтардан (станциядан, шағын станциядан, концентраторлардан), желілік-кабельді құрылыстардан (қосқыш желілер мен арналары), тарату жүйелері мен абоненттік

құрылғылардан (терминалдардан) тұратын техникалық құралдардың жиынтығы;

13) байланыс саласындағы ұлттық ресурстар - байланыс жерсеріктерінің радиожиилік, нөмірлеу және орбиталдық позицияларының ресурстары;

14) байланыс қызметтерін көрсету - пайдаланушыларға байланыс қызмет көрсетулерін ұсынуға негізделген байланыс операторларының қызметі;

15) ақырғы жабдық - абонент желілеріне қосылған және абоненттің пайдалануындағы байланыс желілері бойынша телекоммуникация сигналдарын таратуға немесе қабылдауға арналған, не көрсетілген мақсаттарға арналған техникалық құралдар ;

16) байланыс операторы - байланыс қызмет көрсетулерін ұсынуға заңнамада белгіленген тәртіппен рұқсат алған жеке немесе заңды тұлға;

17) әмбебап қызмет көрсетулерінің операторы - жалпы пайдаланымдағы телекоммуникация желісінде заңнамамен сәйкес байланыстың әмбебап қызметтерін көрсету міндеттері жүктелген байланыс қызметтерін көрсететін байланыс операторы;

18) телекоммуникация желілерінің күзет аймағы - байланыс желілерінің бойында және байланыс объектілерінің маңайында орналасқан, ондағы өсімдіктерімен және құрылыстарымен бірге алғандағы жер учаскесі;

19) телефондық қосылымдарының қызмет көрсетулері төлемақысының мерзімдік уақыттық жүйесі (бұдан әрі - қызмет көрсетулерге ақы төлеудің уақыттық жүйесі) - байланысты пайдаланушының белгілі бір уақыт мерзімі үшін төлейтін төлемдер сомасы тұрақты құраушыдан - түріне тәуелсіз абонент желісін абонентке тұрақты пайдалануға ұсынғаны үшін төленетін ақыдан және өзгермелі құраушыдан - тарифтеу бірлігінде оның іс-жүзіндегі ұзақтығына байланысты жергілікті телефон қосылуларын ұсынғаны үшін төленетін ақыдан тұратын ақы төлеу жүйесі;

20) байланыс қызмет көрсетулерін пайдаланушы - байланыс қызмет көрсетулерінің тұтынушысы болып табылатын жеке немесе заңды тұлға;

21) радиожиилік спектрін пайдаланушы - жиілік белдеуі немесе радиожиилік (радиожиилікті арна) меншіктелген (тағайындалған) жеке немесе заңды тұлға;

22) почта байланысы - почталық және арнайы жөнелтімдерді қабылдау, өңдеу, тасымалдау және жеткізу, сондай-ақ почталық ақша аударымдары;

23) почта жөнелтімдері - хаттар, почта карточкалары, бандерольдар, пакеттер, сәлемдемелер, почта контейнерлері, сондай-ақ тиісті орамдағы баспасөз басылымдары;

24) үкіметтік байланыс - мемлекеттік басқару мұқтаждары үшін арнайы қорғалған байланыс ;

25) жиілік белдеуін, радиожиилікті (радиожиилікті арнаны) меншіктеу (тағайындау) - радиожиилік спектрін тиісті пайдаланушының радиоэлектронды құралды пайдалана отырып осы рұқсатта көрсетілген радиожиилікті (радиожиилікті арнаны) пайдалануға тиісті радиожиилік органы берген рұқсат құжаты;

26) телекоммуникацияның бір желісін басқасына қосып алу -

телекоммуникацияның екі желісінің арасында бұл желілердің байланыс қызметтерін тұтынушылар арасында қосылуды орнату және хабар беру мүмкін болатын технологиялық өзара іс-қимылды ұйымдастыру;

27) тарифтікті өткізу - байланыс (телекоммуникация желілері) қызметін пайдаланушылар арасында қосылуды және ақпарат беру процесін жүзеге асыру;

28) радиожиілікті спектр - 3 кГц-тен 400 ГГц-ке дейінгі ауқымдағы радиожиіліктердің белгілі жиынтығы;

29) радиоэлектронды құрал - қосымша жабдықты қоса алғанда, радиотолқындарды таратуға және (немесе) қабылдауға арналған және бір немесе бірнеше таратушы және (немесе) қабылдаушы құрылғылардан не олардың қиыстырудан тұратын техникалық құрал ;

30) нөмерлер ресурсы - байланыс желілерінде пайдаланылатын нөмірлер жиынтығы ;

31) байланыс - ақпаратты қабылдау, жинау, өңдеу, жинақтау, беру (тасымалдау), жеткізу, тарату, почта және арнайы жөнелтімдері, почталық ақша аударымдары;

32) байланыс желісі - телекоммуникация және почталық байланысына арналған және құрамына байланыс желілері мен құралдары кіретін технологиялық жүйе;

33) жергілікті телефон қосылуларының құнын есептеудің мерзімдік жүйесі (бұдан әрі - жергілікті телефон қосылыстарының мерзімдік есебі) жергілікті телекоммуникация желісінің қызметін пайдаланғаны үшін төлем сомасын есептеуді қамтамасыз ететін жергілікті телефон қосылуларын есепке алудың технологиялары мен әдістерінің жиынтығы ;

34) абоненттер туралы қызметтік ақпарат - абоненттер туралы мәліметтер (телефон нөмірлері, электронды почтаның мекен-жайы), биллингті мәліметтер және абонентке ұсынылатын қызмет көрсетулер туралы мәліметтер;

35) арнайы жөнелтімдер - мемлекеттік құпиялар және оларды тасымалдаушылар, сондай-ақ мемлекеттік органдар мен ұйымдардың аса маңызды хат-хабарлары, қорғаныс өнеркәсібінің бұйымдары, олардың құраушылары (заттары) мен жүктері салынған тіркелетін пакеттер, сәлемдемелер және метиздар;

36) арнайы курьерлік байланыс - арнайы байланыс бөлімшесі жүзеге асыратын және кез келген заңмен қорғалатын құпияны және құндылықтарды, оның ішінде бағалы металдар, тастар және олардан жасалған бұйымдар салынған арнайы және өзге де жөнелтімдерді қабылдау, өңдеуді, сақтауды, тасымалдауды және жеткізуді (тапсыруды) қамтамасыз ететін арнайы курьерлік байланыстың түрі;

37) байланыс құралдары - телекоммуникация хабарларын не почта жөнелтімдерін қалыптастыру, өңдеу, беру немесе қабылдау үшін пайдаланылатын техникалық және бағдарламалық құралдар ;

38) трансляция - теледидар және радио бағдарламаларын тарату үшін таратушы радиоэлектрондық құралдарды, кабельдік желілер мен радиожиілік спектрінің

номиналдарын пайдалана отырып, ақпаратты тарату процесін жүзеге асыру;

39) трафик - байланыс құралдарына түсетін, шақырулар, хабарлар және сигналдар құрайтын ағынның түсіретін жүктемесі;

40) әмбебап байланыс қызмет көрсетулері - кез келген пайдаланушыға кез келген елді мекенде белгіленген сапа және баға деңгейімен, осы қызмет көрсетулердің қол жеткізімін қамтамасыз ететін байланыс қызмет;

41) байланыс желісін басқару - байланыс желісін қызметін, оның ішінде жүктеме (трафик) ағынының реттелуін қамтамасыз етуге бағытталған ұйымдастыру-техникалық шаралардың жиынтығы;

42) қосып алу қызмет көрсетуі - өзара іс-қимыл жасайтын желілердің пайдаланушылары арасында қосылуды және ақпарат беруді орнату мүмкін болатын, байланыс операторларының байланыс желілерінің арасындағы өзара іс-қимылды ұйымдастыру қажеттілігін қанағаттандыруға бағытталған қызмет;

43) байланыстың қызмет көрсетулері - аса маңызды хат-хабарларды, почталық және арнайы жөнелтімдерді, почталық ақша аударымдарын немесе телекоммуникация хабарларын қабылдау, өңдеу, сақтау, беру, тасымалдау, жеткізу жөніндегі қызмет;

44) фельдъегерлік байланыс үкіметтің өте маңызды, аса құпия, құпия хат-хабарларын қабылдауды, сақталуын, тасымалын және жеткізуін қамтамасыз ететін үкіметтің курьерлік байланыс түрі;

45) байланыс саласындағы қызметті жүзеге асыратын шаруашылық субъектілері - жалпы пайдаланымдағы телекоммуникация желісіне қосылатын байланыс операторлары, арнайы, ведомстволық және корпоративтік телекоммуникация желілерінің, жеке коммутациялық жабдықтың иелері, радиожилік спектрін пайдаланушылары радиоэлектронды құралдардың иелері;

46) электр байланыс (телекоммуникация) - кез келген немесе сымдық, радио-, оптикалық және басқа да электр магниттік жүйелері бойынша белгілерді, сигналдарды, дауыстық ақпаратты, жазбаша мәтінді, кескіндерді дыбыстарды тарату және қабылдау.

3-бап. Байланыс саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамалары

1. Байланыс саласындағы заңдар Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттардың нормаларына негізделеді, осы Заңнан және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

2. Егерде Қазақстан Республикасының бекіткен халықаралық шарттарымен, осы Заңдағыдан басқа, өзге де тәртіптер белгіленген болса, онда халықаралық шарттардың ережесі қолданылатын болады.

4-бап. Байланыс саласындағы мемлекеттік қызметті реттеудің негізгі принциптері

Мыналар байланыс саласындағы мемлекеттік қызметті реттеу принциптері болып т а б ы л а д ы :

1) байланыс саласындағы қызметті жүзеге асыратын, шаруашылық жүргізуші субъектілерінің, байланыс қызметтерін пайдаланушылардың құқықтарын сақтау және м ү д д е л е р і н қ о р ғ а у ;

2) әмбебап байланыс қызметтерін көрсетуге арналған жағдайларды құру;

3) телекоммуникация желілері және құралдары арқылы хабарламалар тарату еркіндігі, почта жөнелтімдерін қабылдау, жеткізу және транзиттеу еркіндігі;

4) байланыс саласындағы қызметке қатысу және оның нәтижелерін пайдалануға жеке және заңды тұлғалардың құқықтарының теңдігі;

5) ә д і л б ә с е к е ;

6) Қазақстан Республикасының аумағындағы бірыңғай стандарттардың негізінде желілік технологиялық ерекшеліктерді ескере отырып, байланыстың сенімділігі мен б а с қ а р ы л у ы н қ а м т а м а с ы з е т у ;

7) байланыс саласындағы халықаралық ынтымақтастықты кеңейту, дүниежүзілік байланыс жүйесіне интеграциялануға қолдау көрсету;

8) байланыс саласындағы ұлттық ресурстардың орталықтандырылған басқаруды қамтамасыз ету.

2-тарау. Байланыс саласы қызметінің мемлекеттік реттелуі

5-бап. Байланыс саласындағы уәкілетті орган

1. Байланыс саласындағы қызметті реттеуді Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін, байланыс саласындағы уәкілетті орган жүзеге асырады. Байланыс саласындағы уәкілетті орган шығаратын нормативтік құқықтық актілері және оның өз өкілеттігі шегінде қабылдайтын шешімдері олардың ведомстволық тиесілігі мен меншік нысандарына қарамастан байланыс қызметін көрсететін немесе оны пайдаланатын жеке және заңды тұлғалар үшін міндетті болып табылады.

2. Мыналар байланыс саласындағы уәкілетті органның негізгі міндеттері болып т а б ы л а д ы :

1) байланыс саласындағы ұлттық ресурстарды үйлестіруді және пайдалануды, сондай-ақ өз құзіреті шегінде байланыс саласындағы метрология, стандарттау және сертификаттау қызметтеріне қатысу және оның іске асуын қамтамасыз етуді қоса отырып, байланыс саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыру;

2) өз құзыреті шегінде байланыс саласындағы мемлекеттік реттеу қызметін жүзеге а с ы р у ;

3) Қазақстан Республикасының байланысы мен ақпараттандыруын дамытудың және жетілдірудің басымды және негізгі бағыттарына ұсыныстар әзірлеуге қатысу және оны іске асыру, оның сапасын, арттыру қол жеткізімдігін және орнықты жұмыс істеуін

а р т т ы р у ;

4) байланыс саласындағы қызметтің салааралық үйлестірілуі;

5) байланыс саласындағы қызметті лицензиялау;

6) байланыс саласында мемлекеттік қадағалауды және бақылауды жүзеге асыру;

7) почта төлемінің мемлекеттік белгі түрлері мен шығару көлемін анықтау;

8) радиожилік спектрін пайдалануды жоспарлау, сондай-ақ оның тиімді пайдалануын қамтамасыз ету;

9) байланыс және ақпараттандыру қызмет көрсету рыногының жұмыс істеуіне жағдайлар жасау;

10) байланыс саласындағы ұлттық ресурстарды басқару;

11) байланыс мәселелері жөніндегі орталық және жергілікті атқарушы органдардың, сондай-ақ байланыс операторларының іс қимылдарын үйлестіру.

6-бап. Байланыс саласындағы уәкілетті органның құқықтары мен міндеттері

1. Байланыс саласындағы уәкілетті орган мыналарға міндетті:

1) Қазақстан Республикасының барлық аумағында байланыстың жалпыға қол жеткізімді қызмет көрсетулерін ұсыну жөніндегі қызметті реттеуге;

2) байланыс саласындағы ұлттық ресурстарды тиімді пайдалануды қамтамасыз етуге ;

3) ұлттық және қоғамдық қауіпсіздіктің мүдделерін сақтауға;

4) байланыс саласындағы қатынастарды реттеу мәселелері жөнінде жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарауға;

5) байланыс саласындағы қызметті жүзеге асыратын шаруашылық жүргізуші субъектілерге байланыс саласындағы заңнама талаптарын бұзушылықтарды жою туралы орындалуға міндетті нұсқамаларды жіберуге;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпке сәйкес радиожилік спектрінің пайдалануына бақылау жасауды жүзеге асыру;

7) байланыс саласындағы жеке және заңды тұлғалардың қызметтеріне, сондай-ақ байланыс саласындағы ұлттық ресурстардың пайдаланылуына мемлекеттік техникалық қадағалау мен бақылауды қамтамасыз ету;

8) ұлттық қауіпсіздік органдарымен, телекоммуникация саласында ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған талаптарды белгілейтін нормативтік құқықтық актілерді қамтамасыз ету, сондай-ақ ұлттық қауіпсіздік органдарымен бірлесе телекоммуникация саласындағы ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері бойынша байланыс операторлары қызметін үйлестіруді жүзеге асыру;

9) байланыс саласындағы ұлттық ресурстардың тізілімдері мен лицензияларын жүргізу .

2. Байланыс саласындағы уәкілетті орган мыналарға құқылы:

1) байланыс саласындағы нормативтік құқық және нормативтік техникалық

кесімдерді қабылдауға және әзірлеуге;

2) Қазақстан Республикасының байланыс саласындағы қызметті реттейтін заңнама нормаларының бұзылуына кінәлі адамдарды Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен әкімшілік жазаға тартуға;

3) жоғары жиілікті және өте жоғары жиілікті өрістердегі таратушы құрылғылардың иелерінен, заңды тұлғалардан қоршаған ортаға және халық денсаулығына электр магнитті өрістердің теріс әсерінің алдын алу бөлігінде санитарлық ережені - гигиеналық және экологиялық нормативтерді сақтауды талап етуге.

4) арнайы мақсаттағы байланыс желілері объектілерін қоспағанда, байланыс саласындағы қызметті және радиожиилік спектрін пайдалануды жүзеге асыратын шаруашылық жүргізуші субъектілердің объектілеріне, тиісті түрде ресімделген техникалық тапсырманы және қызмет куәліктерін көрсеткен жағдайда, белгіленген тәртіппен қол жеткізуге;

5) пайдалану құқығына рұқсаты болмаған, белгіленген нормаларға техникалық сипаттамалары сәйкес келмеген жағдайда, радиоэлектронды және жоғары жиілікті құрылғылардың иелерінен осы құрылғылардың жұмысын дереу тоқтатуды талап етуге;

6) адамдардың өмірі мен денсаулығына, қоршаған табиғи ортаға, немесе тіршілікті қамтамасыз ету жүйелерінің қалыпты жұмыс істеуіне қауіп төндіретін, байланыс желілерінің технологиялық жабдығын пайдалану, еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы ережелерінің бұзылғаны анықталған жағдайда жекелеген, байланыс құралдарының немесе технологиялық жүйелердің жұмысын тоқтата тұруға құқылы.

7-бап. Қазақстан Республикасының радиожиилік органдары

1. Мыналар, Қазақстан Республикасында жиілік, радиожииліктер белдеулерін (радиожиилік арналарды) таратуды, бөлуді және меншіктеуді жүзеге асыруға уәкілетті радиожиилікті органдар болып табылады:

Қазақстан Республикасының байланыс саласындағы уәкілетті органы;

Қазақстан Республикасы әскери басқармасының орталық атқарушы органы.

2. Мыналар байланыс саласындағы уәкілетті органның радиожиилік спектрін реттеу кезіндегі негізгі функциялары болып табылады:

1) өз құзыреті шегінде радиоэлектронды құралдар мен жоғары жиілікті құрылғыларды пайдалану жөніндегі радиожиилік спектрін пайдалану және бөлу мәселелері жөнінде нормативтік құқықтық актілерді, мемлекеттік стандарттарды, пайдалану ережесін және басқа нормативтік-техникалық құжаттарды әзірлеу;

2) бөлінетін жиіліктер, радиожииліктер белдеуін (радиожиилікті арналарды) техникалық сараптау жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру;

3) Қазақстан Республикасының аумағында радиожиилік спектрін пайдаланудың, азаматтық мақсаттағы радиоэлектронды құралдар мен сатып алудың (сатудың), қолданудың және шетелден әкелудің тәртібін белгілеу және рұқсаттар беру;

5) азаматтық мақсаттағы радиоэлектронды құралдар мен жоғары жиілікті

құрылғыларды

тіркеу;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпке сәйкес радиожиилік спектрінің пайдалануына бақылау жасауды жүзеге асыру;

7) радиоэлектронды құралдарға оның ішінде халықаралық шарттар мен ережелерге сәйкес іс-қимыл жасайтын халықаралық ұйымдардың және шетел мемлекеттерінің радиоэлектронды құралдарына радиобөгеуілдерді жою жөнінде іс-шараларды ұйымдастыру;

8) жиіліктер белдеуін, радиожииліктерді (радиожиилікті арналарды) меншіктеуді жүзеге асыру және Халықаралық электр байланыс одағының Радиобайланыс регламентіне сәйкес радиожииліктерді халықаралық үйлестіру жөніндегі іс-шараларды орындау.

3. Қазақстан Республикасы әскери басқармасының орталық атқарушы органы азаматтық мақсаттағы радиоэлектронды құралдар үшін ауқымдық бірлесе пайдалану радиожиилік спектрін бөлу және пайдалану жөніндегі қажетті келісулерді жүргізеді, сондай-ақ қорғаныстың және мемлекеттік қауіпсіздіктің мұқтаждарын қамтамасыз ету мақсатында радиожиилік спектрін пайдалануды және тиісті радиоэлектронды құралдарды пайдалануды реттеудің жүзеге асырылуын қамтамасыз етеді.

8-бап. Жергілікті атқарушы органдардың құзыреті

1. Облыс әкімдігінің құзыреті (республикалық мәндегі қаланың, астананың):

1) үкіметтік байланыс бөлімшелерінің желілерінен басқа, тиісті әкімдік аумағында қызметін жүзеге асыратын, барлық байланыс операторларының, сондай-ақ Қазақстан Республикасының мемлекеттік, қорғаныс, қауіпсіздік және құқық тәртібін қорғау органдары байланыс мамандарының қатысуымен байланыс ғимараттарының құрылысы мен пайдалану жоспарларын, телекоммуникация желілері мен өзге де инженерлік инфрақұрылым объектілерін келіседі.

Байланыс кабельдерін тартуға арналған кабельдік канализацияның құрылысын ұйымдастырған кезде Қазақстан Республикасының мемлекеттік, қорғаныс, қауіпсіздік және құқық тәртібін қорғау органдарының, сондай-ақ басқа да барлық байланыс операторларының мүдделері ескерілуі тиісті.

2) Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте байланыс операторларына тиісті шығындардың өтемақысымен, абоненттерге тегін қосылуларды беру үшін, байланыс операторларымен бірлесе әлеуметтік мағынасы бар объектілердің тізбесін белгілейді;

3) нормативтерге және тиісті технологиялық нормаларға сәйкес почталық байланыс объектілерін орналастыру үшін үймереттер мен үй-жайларды береді.

2. Байланыс қызмет көрсетулері берілуінің ұйымдастырылу бөлігінде тиісті әкімшілік-аумақтық бірлікте облыстың даму жоспарына енгізу үшін республикалық мәндегі қалада (астана) аудан әкімі, аудандық мәндегі қала, кент, ауыл, (село), ауылдық (селолық) округтың әкімдеріне облыс әкімдігіне ұсыныс жасауды қалыптастырады.

9-бап. Радиожиілік спектрін және байланыс жерсеріктерінің орбиталық позицияларының пайдаланылуын реттеу

1. Радиожиілік спектрін және жерсеріктерінің орбиталық позицияларының пайдалануды реттеу мемлекеттің ерекше құзыретінде болады.

Радиожиілік спектрін пайдалануды реттеу деп радиожиілік спектрін тиімді пайдалануға және радиоэлектронды құралдар мен жоғары жиілікті құрылғылардың электр магниттік сыйысушылығын қамтамасыз етуге бағытталған құқықтық, экономикалық, ұйымдастырушылық және техникалық шаралар кешенін айтады.

2. Радиожиілік спектрін бөлу саласындағы саясатты әзірлеуді және іске асыруды, сондай-ақ мемлекеттік мүддесінде радиожиіліктерді және байланыс жерсеріктерінің орбиталдық позицияларын тиімді пайдалануды Қазақстан Республикасының Үкіметі қ а м т а м а с ы з е т е д і .

3. Радиожиілік спектрін бөлу, сондай-ақ мемлекеттік мүддесінде радиожиілік спектрі мен байланыс спутниктерінің орбиталдық позицияларын тиімді пайдалануды мемлекеттік саясат іске асыру ұсынуды әзірлеуді және оны ұйымдастыруды радиожиілік спектрін пайдаланатын байланыс операторлары мен тұтынушылар бірлестіктері өкілдерінің қатысуымен Қазақстан Республикасының Радиожиіліктері жөніндегі ведомствоаралық комиссия жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасының Радиожиіліктері жөніндегі Ведомствоаралық комиссиясы туралы ережені және оның құрамын Қазақстан Республикасының Үкіметі б е к і т е д і .

4. Шектеулі ресурс болып табылатын радиожиілік спектрін пайдалану ақылы негізде жүзеге асырылады. Радиожиілік спектрін пайдаланғаны үшін мемлекеттік бюджетке ақы төлеудің жылдық ставкалары, оны есептеу және төлеу тәртібі Қазақстан Республикасының Салық кодексіне сәйкес белгіленеді.

5. Қазақстан Республикасының аумағында радиожиіліктерді бөлу және тиімді пайдалану саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруды қамтамасыз ету мақсатында байланыс саласындағы уәкілетті орган келесі реттегі әзірлемелер мен процедуралардың орындалуын қамтамасыз етеді:

1) радиоэлектронды құралдар мен жоғары жиілікті құрылғыларды жобалау, салу, пайдалану және шетелдерден әкелу тәртібі жөніндегі;

2) байланыс құралдарын, соның ішінде телерадиохабарын тарату мақсаты үшін пайдаланылатын құралдарды және электромагниттік сәулелену көзі болып табылатын өзге де техникалық құралдарды міндетті түрде тіркеу жөніндегі;

3) радио қабылдауды индустриялық кедергілерден қорғауды және радио бақылауын жүргізу жөніндегі, радиожиілік спектрін пайдалануды мемлекеттік техникалық қадағалау мен бақылау жөніндегі;

4) Халықаралық телекоммуникация одағының Радиобайланыс регламентіне сәйкес радиожиілікті үйлестіру жөніндегі рәсімдерді әзірлеуді және орындауды қамтамасыз

е т е д і ;

6. Байланыс құралдары, соның ішінде телерадиохабарын тарату үшін пайдаланатындары және электромагниттік сәулелену көздері болып табылатын өзге де техникалық құралдар Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін тәртіппен мемлекеттік тіркелуі тиіс.

Радиоэлектронды құралдар мен жоғары жиілікті құрылғыларды мемлекеттік тіркеу үшін Қазақстан Республикасының Салық кодексінде белгіленген тәртіппен алым алынады.

10-бап. Радиожиілік спектрін тарату, жиіліктер белдеуін, радиожиіліктерді (радиожиілікті арналарды) бөлу және меншіктеу(тағайындау) жөніндегі жалпы ереже

1. Қазақстан Республикасында радиожиіліктер спектрін пайдалану мынадай қағидаларға сәйкес жүзеге асырылады:

пайдаланушылардың радиожиілікті спектрге қол жеткізуінің рұқсаттық тәртібі; мемлекеттік басымдықтарды қоспағанда, барлық пайдаланушылардың радиожиілік спектріне қол жеткізуінің тең құқығы;

радиожиілік спектрін пайдаланудың ақылы болуы; жиіліктер белдеуін, радиожиіліктерді (радиожиілікті арналарды) мерзімсіз бөлуді, меншіктеуді (тағайындауды) болдырмау;

аталмыш шаралар шығындарының орнын толықтырумен радиожиілік спектрін пайдалануды айырбастау;

радиожиілік спектрін бөлу және пайдалану рәсімдерінің айқындығы және ашықтығы.

2. Радиожиілік бөлу барлық мақсаттағы радиоэлектронды құралдар үшін Үкімет бекіткен Қазақстан Республикасының Радиоқызметтері арасында 3 кГц-тен 400 ГГц-ке дейінгі ауқымдағы жиіліктер белдеуін бөлудің ұлттық кестесіне және Қазақстан Республикасының Радиожиіліктері жөніндегі Ведомствоаралық комиссиясы бекіткен радиожиілік спектрін пайдаланудың перспективалық жоспарына сәйкес жүзеге асырылады.

Жиіліктер белдеуін бөлудің ұлттық кестесіне өзгерістер мен толықтырулар Халықаралық электр байланыс одағының Радиобайланыс регламентіне сәйкес Қазақстан Республикасының Радиожиіліктері жөніндегі мемлекеттік комиссиясы шешімдерінің негізінде енгізілді.

3. Барлық мақсаттарға арналған радиоэлектронды құралдар үшін жиіліктер белдеуін, радиожиіліктерді (радиожиілікті арналарды) тарату, бөлу және меншіктеу тәртібін байланыс саласындағы уәкілетті органы мен Қазақстан Республикасы әскери басқармасының орталық атқарушы органы бірлесіп белгілейді.

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, теледидарлық және радиохабарларын тарату мақсаттары үшін жиіліктер белдеуін, радиожиіліктерді (

радиожииілікті арналарды) бөлу конкурстық негізде өткізілуі мүмкін.

4. Жиіліктерді меншіктеу, Қазақстан Республикасында мемлекеттік басқаруды, қорғанысты, қауіпсіздік және құқық тәртібі қорғауды қамтамасыз ету ыңғайында, байланыс саласындағы қызметті жүзеге асыратын шаруашылық субъектілерінің басқа жиіліктерге көшуіне байланыста келтірілген залалдарының орнын мезгілі толықтырумен өзгертілуі мүмкін.

5. Радиожииілік спектрін пайдалану құқығы қорғаныс, қауіпсіздік және құқық тәртібін қорғау қажеттіктерін қамтамасыз ететін радиоэлектрондық құралдар үшін, Қазақстан Республикасының әскери басқармасының азаматтық мақсаттағы радиоэлектрондық құралдар мен орталық атқарушы органдарына арналған байланыс саласындағы уәкілетті орган беретін, рұқсаттық құжаттармен куәландырылады.

6. Радиожииілік спектрін пайдалануға рұқсаттар лицензия иелеріне және өндірісішілік спектрді пайдалануды болжап отырған тұлғаларға байланыс саласындағы уәкілетті органға белгіленген үлгідегі өтініш келіп түскен күнінен бастап кемінде екі ай мерзімі ішінде беріледі.

7. Азаматтық мақсаттағы радиоэлектрондық құралдарға арналған радиожииілік спектрін пайдалануға қатысты рұқсат арызданушыға келесі реттегі негіздемелер бойынша берілмейді:

жиіліктер белдеуін, радиожииіліктерді (радиожииілік арналарды) ұлттық Кестесіне келмеу жағдайда;

өтініш жасалған радиоэлектрондық құралдардың радиоэлектрондық құралдар мен жоғары жиілікті сыйысымдылығын қамтамасыз ету саласындағы талаптардың, нормалардың және ұлттық стандарттардың сәулелену мен қабылдау параметрлеріне сәйкес келмеуі;

электромагниттік сыйысымдылықтың қолданыстағы және радиоэлектрондық құралдарды пайдалану үшін жоспарланатын сараптамасының теріс қорытындысы;

пайдаланушыға заңнамамен белгіленген тәртіпте бұрын берілген, азаматтық пайдаланушылардың өтініші жасалған жиілік белдеулерін, радиожииілікті қамтуы;

лицензиялардың заңнамамен белгіленген тәртіпте, радиожииіліктің пайдалануымен беретін, байланыс саласындағы кәсіпкерлік қызметтің түріне тиісті лицензияның болмауы;

Қазақстан Республикасы әскери басқармасының орталық атқарушы органымен жиілік белдеулері, радиожииіліктер (радиожииілік арнаның) келісуін өткізудің теріс нәтижелері;

Егерде мұндай процедуралар Халықаралық электр байланыс одағының радиобайланыс регламентінде және Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында қарастырылатын болса, радиожииіліктің халықаралық үйлестіру процедурасының теріс нәтижелері;

Байланыс саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес байланыс

саласындағы уәкілетті орган белгілейтін өзге де техникалық себептер бойынша.

8. Мемлекеттік қорғаныс және қауіпсіздік қажеттіктерін қамтамасыз ететін, радиоэлектрондық құралдарға арналған радиожиилік спектрін пайдалануға қатысты рұқсат беруден бас тарту Қазақстан Республикасы әскери басқармасының орталық атқарушы органы белгілейтін тәртіпте жүзеге асырылады.

9. Келісу жүргізу мерзімі сұрау жөнелтілген сәттен бастап отыз күннен аспауы тиіс, бұл ретте өтінімдерді қарау мерзімі қажетті келісулерді жүргізу уақытына ұзартылуы мүмкін сәйкес шекаралас мемлекеттермен (Қазақстан Республикасының шекара арасында) радиожииліктердің халықаралық үйлестіруін жүргізу кезінде өтініштерді қарау мерзімі төрт айға дейін ұзартылуы мүмкін, ол туралы өтініш беруші алдын ала жазбаша түрде хабарлануы тиіс.

11-бап. Нөмірлеу ресурстарын пайдалануды бөлу мен реттеу және нөмірлер бөлу

1. Қазақстан Республикасының нөмірлеу ресурстарын таратуды және нөмірлерді бөлуді, сондай-ақ телефон байланысы қызметтерін көрсетуге арналған жалпы пайдаланымдағы электр байланыс желісінде телефон байланысы нөмірлерін пайдаланудың ерекшеліктерін осы Заңға және байланыс саласындағы уәкілетті орган бекітетін нормативтік құқылық және техникалық кесімдеріне сәйкес байланыс саласындағы уәкілетті орган белгілейді.

2. Байланыс саласындағы уәкілетті орган нөмірлерді пайдалану құқығын алу тәртібін анықтайтын Ережені белгілейді, оның ішінде нөмірлерді меншіктеу негізін белгілейді, нөмірлердің таратылған және резервтік ресурстарының тізілімін жүргізеді.

3. Байланыс желілерінің операторлар өздерінің жергілікті электр байланыс желілерінде техникалық мүмкіндік бар болғанда, пайдаланушы орналасқан орнын емес, байланыс операторларын ауыстырғанда ол меншіктенген нөмірлердің сақталуын қамтамасыз етуі тиіс. Байланыс саласындағы уәкілетті орган осы талаптың орындалуын техникалық себептермен негізделген мерзімге тоқтата тұруы мүмкін.

4. Байланыс операторына бөлінген нөмірлеу ресурсын алуды байланыс саласындағы уәкілетті орган:

- 1) нөмірлеу қорын алушының өтініші бойынша;
- 2) байланыс операторы лицензиясының қызметін тоқтату;
- 3) байланыс операторының нөмірлеу ресурстарын, оларды пайдалануды реттейтін нормативтік құжаттарды бұза отырып, пайдалануы;
- 4) байланыс операторының, бөлінген нөмірлеу ресурстарын бөлінген сәтінен бастап екі жылдың ішінде 75 %-ға пайдаланбауы негізінде жүзеге асырады.

12-бап. Төтенше жағдайлар кезінде байланыс желілерін басқару

1. Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар кезінде байланыс желілерін басқаруды Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес Үкімет белгіленетін тізбе бойынша мемлекеттік органдардың байланысты басқару

орталықтарымен Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі орталық атқарушы органымен, сондай-ақ қарауында телекоммуникация желілері бар атқарушы органдармен өзара іс-қимыл жасай отырып, байланыс саласындағы уәкілетті орган жүзеге асырады.

2. Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар, карантиндер, өзге де төтенше жағдайлар кезінде мемлекеттік органдардың, үкіметтік байланыстан басқа, желілер мен байланыс құралдарының қызметін тоқтатуға, басымдық пайдалануға құқы бар.

Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар, карантиндер, өзге де төтенше жағдайлар кезінде байланыс операторларының желілерді және байланыс құралдарын пайдаланған кездеріндегі орын алған шығындарының орнын толтыру Қазақстан Республикасы Үкіметі белгіленген тәртіпте жүзеге асырылады.

3. Байланыс желілері мен құралдарының иелері теңіздегі, жердегі, әуедегі, ғарыш кеңістігіндегі адам өмірінің қауіпсіздігіне, Қазақстан Республикасында қорғаныс, қауіпсіздік пен құқық тәртібін қорғау саласында шұғыл шаралар жүргізуге қатысты барлық хабарламаларға, сондай-ақ табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туралы хабарламаларға толық басымдық беруге тиіс.

13-бап. Байланыс операторларының жедел-ізвестіру қызметін жүзеге асыратын органдармен өзара іс-қимылы

1. Қазақстан Республикасының аумағында іс-қимыл жасайтын байланыс операторлары Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес байланыс желілерінде жедел-ізвестіру іс-шараларын жүргізудің ұйымдастыру және техникалық мүмкіндіктерін қамтамасыз етуге, абоненттер туралы қызметтік ақпаратқа қол жеткізуін қамтамасыз етуге, сондай-ақ көрсетілген іс-шараларды жүргізудің түрлері мен әдістерінің жария болмауы жөнінде шаралар қабылдауға міндетті.

Жедел-ізвестіру іс-шараларын жүргізу үшін байланыс желілеріне және құралдарына қойылатын талаптарды арнайы жедел-ізвестіру іс-шараларын жүзеге асыратын ұлттық қауіпсіздік органдарының келісімі бойынша байланыс саласындағы уәкілетті орган белгілейді.

2. Байланыс құралдары жеке адамның, қоғам мен мемлекеттің мүдделеріне нұқсан келтіретін қылмыстық мақсаттарда пайдаланылған жағдайда мемлекеттік органдардың Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес, ведомстволық бағыныштылығы мен меншік түрлеріне қарамастан, кез келген байланыс желілері мен құралдарының қызметін тоқтата тұруға құқығы бар.

3. Байланыс операторларының жедел-ізвестіру қызметін жүзеге асыратын мемлекеттік органдармен қарымқатынасы осы Заңға және жедел-ізвестіру қызметі туралы заңнамаға сәйкес реттеледі.

14-бап. Байланыстың техникалық құралдарын сертификаттау

2. Міндетті сертификатталуға жататын байланыс құралдары стандартизациялау және сертификаттау мәселелері жөніндегі ұлттық қауіпсіздік органдарымен келісе отырып, байланыс саласындағы уәкілетті органмен белгіленеді.

5) лицензиар немесе оның уәкілетті органы тексеру нәтижесінде анықталған лицензияны қолдану шарттарын бұзғанда;

6) өз құзыреті шегінде лицензиар сұраған және лицензиаттың қызметін бағалауға қажетті мәліметтерді ұсынудан бас тартқанда;

7) егер лицензияның қолдану шартында өзге белгіленбесе, лицензиат лицензия берілген сәттен бастап алты ай бойы ішінде қызмет көрсетулерді ұсынбағанда.

5. Егер лицензияны тоқтату туралы хабарлама алған сәттен бастап отыз күннің ішінде оның иесі кемшіліктерді жоймаса, лицензиар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лицензиатты жауапкершілікке тартуға құқылы.

16-бап. Конкурс негізінде байланыс саласындағы қызметті лицензиялау

1. Радиожиілік белдеуін және нөмірлеу ресурстарын пайдалана отырып, байланыс қызметтерін көрсету бойынша кәсіпкерлік қызметке лицензия мынадай жағдайда, конкурстық негізде беріледі, егер:

1) байланыс қызметі, тиісті сапа деңгейімен, радиожиілік спектрі байланысы қызметінің көрсетілуі үшін рұқсат қол жеткізілетін, радиожиілік спектрі көлемінің жеткіліксіздігіне байланысты, белгілі аумақта қолданылатын, ол бойынша Қазақстан Республикасының радиожиіліктер жөніндегі Ведомствоаралық комиссияның байланыс операторларының мүмкін болар саны бойынша шектеулер ұсынылған ауқымда радиожиіліктің пайдалануымен көрсетілетін;

2) белгілі бір географиялық аумақта жалпы пайдаланымдағы телекоммуникация желісі желілік қол жеткізудің шектеулі ресурстарына ие, осыған байланысты байланыс саласындағы уәкілетті орган осы аумақта іс-қимыл жасайтын байланыс операторларының мүмкін саны бойынша шектеулер белгілейді. Мұндай шешім тек уақытша сипатта болуы мүмкін және техникалық сипаттағы себептер жойылғаннан кейін алынып тасталуы тиіс;

3) әмбебап байланыс қызмет көрсетулері құқығына қатысты лицензия әмбебап қызмет көрсетулеріне байланысты, шығындардың өтелу жағдайында беріледі.

2. Қазақстан Республикасының Радиожиіліктер жөніндегі ведомствоаралық комиссиясының ұсынысына сүйене отырып, конкурсты өткізу туралы шешімді осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілгендей байланыс саласындағы уәкілетті орган қабылдайды және конкурс осындай шешімді қабылдағаннан кейін алты айдан кешіктірілмей өткізіледі.

Конкурсты өткізу тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

3. Байланыс саласындағы уәкілетті орган жүргізген конкурс қорытындысы бойынша жиіліктер, радиожиіліктер белдеуін (радио жиіліктер арналарды) пайдалануға алған жағдайда, жеңімпаз конкурс қорытындысы бойынша конкурстық комиссия белгілеген тәртіптен және мөлшерде Бюджеттік кодекске сәйкес бір реттік ақы енгізеді.

4. Конкурстарға (немесе аукциондарға) қатысуға Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарға және конкурсты (немесе аукционды) өткізу

ережесіне жауап бере алатын кез-келген жеке және заңды, оның ішінде тиісті лицензияға ие тұлғалар жіберіледі.

17-бап. Телевизиялық және (немесе) радиохабар ұйымдастыру жөніндегі қызметті лицензиялау

1. Жеке және заңды тұлғаларға теледидар және (немесе) радиохабарларын тарату қызметіне лицензияны бұқаралық ақпарат құралдар істері жөніндегі уәкілетті орган б е р е д і .

2. Теледидар және радиохабарларын тарату желілерін электр байланыс қызмет көрсетулерін (деректер беру, Интернет желісіне қол жеткізу, телематикалық қызметтерін, жергілікті телефон байланысының қызмет көрсетулері және басқа) таратуға пайдаланған жағдайда, көрсетілген желілердің иесі осы Заңның 15-бабына сәйкес байланыс саласындағы уәкілетті орган берген лицензия негізінде қызметін ж ү з е г е а с ы р а д ы .

3. Теледидар және радиохабарларын тарату мақсатында радиожиліліктерді есептеуді, радиожилілікті органдармен келісуді және халықаралық үйлестіруді бұқаралық ақпарат құралдары істері жөніндегі уәкілетті органның деректерге есептеу жүргізуге қажетті қосымшаларымен бірге берген тапсырысы бойынша байланыс саласындағы уәкілетті о р г а н ж ү р г і з е д і .

4. Теледидар және (немесе) радио хабарларын тарату мақсатында радиожилілік спектрін пайдалануға рұқсатты байланыс саласындағы уәкілетті орган бұқаралық ақпарат құралдар істері саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша, теледидар және (немесе) радио хабарларын таратуға лицензиясы бар болған жағдайда, береді.

Радиожилілік спектрін пайдалануға берген рұқсатта техникалық құралдардың орналасқан орны, оның ішінде географиялық координаталарын көрсете отырып антенналық құрылғылардың орналасуын, сондай-ақ пайдаланылатын тарату құралдардың іс-жүзіндегі қуаты міндетті түрде көрсетілуі тиіс.

18-бап. Байланыс қызмет көрсетулерін тарифтеу

1. Байланыс қызмет көрсетулеріне қатысты тарифтер, байланыс операторларымен, барлық байланыс қызмет көрсетулерін пайдаланушылары үшін тең жағдайды қамтамасыз ететін, ашықтық және әділдік ыңғайы негізінде белгіленеді.

2. Байланыс саласындағы уәкілетті орган белгілейтін тізбе бойынша шұғыл және (немесе) жедел қызметтерді шақыруды байланыс қызметтерін пайдаланушылар үшін байланыс операторлар тегін көрсетеді.

Жергілікті телефон қосылуларын уақыттық есепке енгізген кезде байланыс операторлары жергілікті атқарушы органдармен келісу бойынша және олардың Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте, тиісті шығындардың өтемақысын төлеген жағдайында, сонымен қатар, абоненттерге әлеуметтік мәні бар елді мекендердің объектілерімен тегін қосылуларын беруді қамтамасыз етуге тиісті.

3-тарау. Байланыс желілері

19-бап. Қазақстан Республикасының бірыңғай байланыс желісі

1. Қазақстан Республикасының бірыңғай телекоммуникация желісі Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан телекоммуникация желісі болып табылады және мынадай санаттардан тұрады:

- 1) жалпы пайдаланымдағы телекоммуникация желісі;
- 2) ведомстволық телекоммуникация желілері;
- 3) телекоммуникацияның бөлінген желілері;
- 4) арнайы мақсаттағы телекоммуникация желілері;

5) корпоративтік және электр магниттік сигналдар арқылы ақпарат беретін басқа да желілері.

Келешекке арналған бірыңғай телекоммуникациялық желілерді құру, жаңа технологиялардың енгізілуін есепке ала отырып байланыс саласындағы уәкілетті орган әзірлейтін, тұжырымдаларымен, басқа да нормативтік құқықтық актілерімен белгіленеді.

2. Арнайы мақсаттағы телекоммуникациялық желілерден басқа, Қазақстан Республикасының бірыңғай телекоммуникация желісін құрайтын желілер үшін байланыс саласындағы уәкілетті орган:

1) өзара іс-қимылдың бірыңғай тәртібін, Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырған жағдайларда ұйымдастыру-техникалық іс-шараларының кешенін, басқарылатын параметрлерді қалыптастыруды және олардың орындалуын бақылауды қамтитын телекоммуникация желілерінің орталықтандырылған басқаруын белгілейді;

2) байланыс желісінің санатына байланысты нөмірлерді құру, басқару, пайдалану, телекоммуникация желілерінің жұмыс істеуі, тұрақтылығын және ақпараттық қауіпсіздігін ұйымдастыру-техникалық қамтамасыз ету, радиожиилік спектрін пайдалану, трафикті өткізу тәртібін, желілердің өзара іс-қимыл жасау шарттарын, телекоммуникация қызметін көрсету жөніндегі талаптарды белгілейді.

3. Қазақстан Республикасының бірыңғай телекоммуникация желісіне кіретін барлық санаттағы желілердің байланыс операторлары байланыс саласындағы уәкілетті орган бекіткен өзара іс-қимылдың бірыңғай тәртібінің талаптарын қанағаттандыратын өздерінің желілерін басқару жүйелерін құруға міндетті.

Телекоммуникация желілерін құру кезінде байланыс операторлары жедел-ізвестіру іс-шаралардың жүргізілуін қамтамасыз ету жөніндегі желілер жабдықтарының мемлекеттік стандарттарға сәйкестігін қамтамасыз етеді.

4. Жалпы пайдаланымдағы телекоммуникация желісі Қазақстан Республикасының аумағындағы барлық пайдаланушыларға телекоммуникация қызметтерін ұсынуға

арналған өзара байланысқан телекоммуникация желісінің кешені болып табылады.

Жалпы пайдаланымдағы телекоммуникация желілері мыналармен анықталатын телекоммуникация желілеріне бөлінеді:

1) қызмет көрсетілетін аумақ пен нөмірлеу ресурстары шеңберіндегі географиялық (байланыстың жергілікті желісі);

2) географиялық емес, Қазақстан Республикасының және нөмірлеу ресурсының шегінде белгілі бір географиялық аумақпен байланыспаған;

3) пайдаланушыға ұсынатын байланыс қызмет көрсетулерін іске асыру тәсілі бойынша (бекітілген және жылжымалы).

Шетелдік мемлекеттердің жалпы пайдаланымдағы телекоммуникация желілерімен өзара іс - қимыл жасайды.

Жалпыға бірдей қол жеткізімді қызмет көрсетулерді пайдаланушылардың мүдделерін қамтамасыз ету мақсатында, сондай-ақ сенімді жұмыс істеуі үшін жалпы пайдаланымдағы телекоммуникация желілері құрамына кіретін телекоммуникация желісінің бірыңғай мемлекеттік нормативтік техникалық реттеуге жатады. Жалпыға бірдей қол жеткізімді байланыс қызметтерін көрсету жөніндегі қызмет үшін осы Заңда көзделген жағдайларды қоспағанда, нормативтік-техникалық талаптардан тысқары бұл телекоммуникация желісінің жұмыс істеу және пайдалану тәртібін байланыс желілерінің иелері дербес белгілейді.

5. Ведомстволық телекоммуникация желілері олардың өкілеттіліктеріне сәйкес мемлекеттік органдардың және жергілікті басқару органдарының басқарушылық және ұйымдастырушылық мақсаттарын іске асыруды қамтамасыз етуге, сондай-ақ мемлекеттік кәсіпорындар мен мекемелердің өндірістік және басқарушылық мақсаттарының қамтамасыз етілуін іске асыруға арналған.

Ведомстволық телекоммуникация желілері жалпы пайдаланымдағы телекоммуникация желісіне қосылған, бірақ ақысыз телекоммуникация қызметтерін көрсетуге пайдаланылуы мүмкін емес.

6. Бөлінген телекоммуникация желілері телекоммуникацияның дербес санаты болып табылады және пайдаланушылардың шектеулі тобына телекоммуникациялық қызмет көрсетулерін ұсынуға арналған және:

1) өзара іс-қимыл жасай алады, бірақ Қазақстан Республикасының жалпы пайдаланымдағы телекоммуникация желісіне, сондай-ақ шетелдік мемлекеттері жалпы пайдаланымдағы байланыс желілеріне қосылмаған;

2) егер олар жалпы пайдаланымдағы телекоммуникация желілерінің жұмысын реттейтін талаптарға сәйкес болса, жалпы пайдаланымдағы телекоммуникация желісінің санатына ауыстырылуымен жалпы пайдаланымдағы телекоммуникация желілеріне қосыла алады;

3) осы телекоммуникация желілері операторларының байланыс қызметін көрсетулері лицензияда көрсетілген аумақтар шегіндегі лицензиялар негізінде және

байланыс саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен бөлінген желілерге меншіктелген нөмірлеуді пайдалана отырып жүзеге асырылады.

Бөлінген желілерді ұйымдастыру үшін қолданылатын байланыс технологиясы мен құралдарын, сондай-ақ құру қағидаларын осы желілердің иелері белгілейді.

7. Арнайы мақсаттағы телекоммуникация желілері Қазақстан Республикасында қорғаныстың, қауіпсіздіктің және құқық тәртібін қорғаудың мұқтаждықтарын, сондай-ақ үкіметтік байланысты қамтамасыз етуге арналған және жалпы пайдаланымдағы телекоммуникация желісіне қосылған.

Қазақстан Республикасының заңнамасында өзге көзделмесе арнайы мақсаттағы байланыс желілерінің, ақылы байланыс қызметтерін көрсету үшін пайдалануы мүмкін е м е с .

Қазақстан Республикасында қорғаныстың, қауіпсіздіктің және құқық тәртібін қорғаудың мұқтаждарын қамтамасыз етуге арнайы тағайындалған байланыс желілерінің ресурстары жеткіліксіз болғанда бұл міндеттерді орындауға жауапты органдар мен ұйымдар олардың ұйымдастыру-құқықтық нысанына және байланыс желілерінің санатына қарамастан байланыс операторлары көрсететін байланыс қызметтерін өтемді негізде басымдықпен пайдалануға құқылы.

Қазақстан Республикасының үкіметтік байланысы, қорғанысы, қауіпсіздіктің және құқық тәртібін қорғаудың мұқтаждары үшін байланыс Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қамтамасыз етіледі.

8. Корпоративтік телекоммуникация желілері заңды тұлғалардың басқару және ішкі өндірістік мақсаттарын іске асыруды қамтамасыз етуге арналған.

Корпоративтік телекоммуникация желілері:

1) әкімшілік аумақ шеңберінде немесе Қазақстан Республикасының халықаралық коммутация орталығының транзит торабының деңгейінде, егер ол тиісті нөмірлеу ресурсын бөле отырып желінің түрлі әкімшілік аумақтары бойынша таратылған учаскілерін біріктіретін болса, мемлекеттік коммутациялық секция арқылы корпоративтік клиент ретінде жалпы пайдаланымдағы телекоммуникация желісіне қ о с ы л у ы м ү м к і н ;

2) егер олардың іс-қимыл аймағында жалпы пайдалымдағы телекоммуникация операторының желісі болмаса, осы Заңның 15-бабына сәйкес кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға лицензия алған жағдайда, байланыс қызметтерінің көрсетілуі үшін а қ ы л ы б о л у ы м ү м к і н .

9. Радио және теледидар хабарларын тарату желілері бірыңғай телекоммуникация желісінің құрама бөлігі болып табылады да, Қазақстан Республикасының аумағына және шет елдерге теледидар және радио бағдарламаларын тарату және трансляциялау үшін пайдаланатын, жердегі және жерсеріктік хабар тарату жүйелерінің біртұтас өндірістік-технологиялық кешенін құрайды. Жердегі жүйелердің құрамына радиорелелі және кабельді байланыс желілері, мемлекеттік мен коммерциялық бағдарламаларды

трансляциялау үшін пайдаланатын әртүрлі қуатты радиотаратқыштар мен өзге құралдар кіреді. Жер серіктік жүйелер құрамына халықаралық жер серіктік ұйымдарға, жекелеген мемлекеттерге жататын орбиталық байланыс жер серіктері және жердегі таратушы және қабылдаушы станциялары кіреді.

10. Мемлекеттік телерадио бағдарламаларын тарату және трансляциялау үшін, байланыс операторлардың арналары мен техникалық құралдарын пайдаланатын, бірыңғай телекоммуникация желісінде негізделген республикалық және аумақтық радио және теледидар хабарларын тарату желілері құрылады. Коммерциялық телерадиохабар таратушы ұйымдар өзінің бағдарламаларын тарату мен трансляциялау үшін негізінде өзінің және келісім өзге де телекоммуникация желілерін пайдалана алады.

11. Бағдарламаларды тарату және трансляциялаудан басқа, радио және теледидар хабарларын тарату желілері, қорғаныс, мемлекеттік қауіпсіздік және құқық қорғау мақсатында, бейбітшілік уақытта төтенше жағдайларда хабарлау сигналдарын тарату үшін және жедел-ізвестіру қызметін жүзеге асыратын ерекше кезеңде пайдаланады.

20-бап. Фельдъегерлік және арнайы курьерлік байланыс

1. Қазақстан Республикасының мемлекеттік фельдъегерлік қызметі, мемлекеттік құпияларды қорғауды қамтамасыз етумен, үкіметтік курьерлік байланысты жүзеге асыратын қызмет болып табылады. Қазақстан Республикасының мемлекеттік фельдъегер қызметінің жеке құрамы ішкі істер органдарының кадрлары болып табылады, жауынгерлік атқышқор қаруымен, байланыс және арнайы қорғану құралдарымен, сондай-ақ үлгілерін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін формасы киім-кешекпен қамтамасыз етіледі. Арнайы атақ берілген Мемлекеттік фельдъегер қызметінің қызметкерлеріне қызметтен өтудің, еңбекке ақы төлеудің, арнайы атақтар берудің, дәрігерлік, зейнетақымен қамтамасыз етудің тәртібі, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында және Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарының қызметкерлеріне арналған өзге де нормативтік құқықтық кесімдерде белгіленген әлеуметтік қорғаудың шарттары таралады.

2. Арнайы курьерлік байланыс қызметі арнайы курьерлік байланыс каналдары бойынша арнайы жөнелтімдерді салып жіберген кезде мемлекеттік құпияларды қорғауды қамтамасыз етілу жарғының мақсаттарын жүзеге асырады.

Арнайы байланыс қызметінің жеке құрамы байланыс саласындағы уәкілетті органның нормативтік құқықтық кесімдеріне сәйкес форманы киіммен, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметтік қарумен, арнайы байланыс және қорғану құралдарымен қамтамасыз етіледі.

Арнайы байланыс қызметінің жеке құрамы байланыс саласындағы уәкілетті органның нормативтік құқықтық кесімдеріне сәйкес формасы киіммен, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметтік қарумен, арнайы байланыс және қорғану құралдарымен қамтамасыз етіледі.

3. Арнайы және фельдъегерлік байланыс қызметтері арнайы және фельдъегерлік арналар бойынша арнайы жөнелтімдерді жіберу кезінде мемлекеттік құпияларды қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі ерекше жарғылық міндеттерді орындайды. Арнайы және фельдъегер байланысы қызметтерінің жеке құрамын, ішкі тәртібін, бағыныштылығы мен тәртібін, ұйымдастырушылық қызметін, сондай-ақ арнайы және фельдъегер байланысы қызметтерін ұсыну тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

4. Почта байланыс ұйымдарының, арнайы қызметтері, Қазақстан Республикасы қарулы күштерінің фельдъегерлік-почта байланысының өзара қатынастары байланыс саласындағы уәкілетті органының бірлескен нормативтік құқықтық кесімдермен реттеледі.

5. Арнайы және фельдъегерлік байланыс қызметкерлері тасымалдайтын арнайы жөнелтімдер заң актілерінде қарастырылған жағдайлардан бөлек ескертілмесе, тексеруге және кідіртуге жатпайды.

21-бап. Қазақстан Республикасының мемлекеттік, қорғаныс, қауіпсіздік және құқық тәртібін қорғау органдарының, қажеттіктеріне арналған байланыс желілері

1. Үкіметтік байланыс Қазақстан Республикасының Президентімен белгілейтін, телекоммуникацияның арнайы түрлерінің қауіпсіздігін құру, дамыту және қамтамасыз ету саласындағы арнайы уәкілетті орган қамтамасыз етіледі. Аталған орган өзінің өкілеттілігі шеңберінде мемлекеттік құпиялардың сақталумен қамтамасыз ете келе, Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарын телекоммуникациялардың арнайы түрлерімен қамтамасыз етеді.

Байланыс операторлары жалпы пайдаланымдағы телекоммуникациялар желілерін жаңғырту және дамытуды үкіметтік байланыс бөлімшелерінің техникалық мүмкіндіктері мен жарақтандырылуын есепке ала отырып жүзеге асырады.

Үкіметтік байланыс жүйесі Қазақстан Республикасының заңнамаларымен қамтамасыз етіледі.

2. Қазақстан Республикасында қорғаныстың, қауіпсіздік пен құқық тәртібін қорғаудың қажеттеріне арналған байланысты жалпы пайдаланымдағы телекоммуникация желісінің негізі ретінде пайдаланылатын арнаулы телекоммуникация желілері қамтамасыз етеді.

3. Жалпы пайдаланымдағы телекоммуникация желілері мен ведомстволық байланыс желілерінің арналары Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару, қорғаныс, қауіпсіздік және құқық тәртібін қорғау қажеттіліктері үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен шарттың негізінде беріледі.

4. Арнайы мақсаттағы телекоммуникация желілерінің жұмысын қамтамасыз етуге арналған бірыңғай телекоммуникация желісінің ресурстарын дайындау мен пайдалану тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

5. Байланыс операторлары Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарының, қорғаныстың, қауіпсіздік пен құқық тәртібін қорғаудың қажеттіктері үшін байланыс арналары бөлінген жағдайда оларды алмастыру немесе қалпына келтіру жөнінде бірінші кезектегі шұғыл шаралар қолдануға міндетті.

6. Байланыс операторларының сот шешімінен басқа жағдайларда, қорғаныс, қауіпсіздік және құқық тәртібін қорғау мемлекеттік органдарының байланыс арналарын ажыратуға, мемлекеттік байланыс қызмет көрсетулерінің берілуін тоқтатуға қ ұ қ ы л а р ы ж о қ .

7. Байланыс операторлары байланыстың қолданыстағы және жаңадан салынып жатқан құрылыстары мен тораптарында техникалық құралдарды орналастыруға қажетті резервтік алаңдарды, сондай-ақ арнайы мақсаттағы телекоммуникация желілері мен үкімет байланысы мүдделерінде пайдаланылатын желілік-кабельдік ғимараттардағы резервтік сыйымдылық пен кепілді электр қоректендіруді көздейді.

8. Бейбіт уақытта жедел жағдайдың шиеленіскен кезінде, аса маңызды жұмыстар мен шараларды жүзеге асыру кезінде байланыс операторлары жедел-ізвестіру қызмет жасайтын немесе өте маңызды жұмыстарды жүзеге асыруға өкілеттігі бар байланыс қызметтерін пайдаланушыларға қосымша арналарды және тікелей байланыс желілерін, керек болған жағдайда жалпы пайдалымдағы телекоммуникация желілерінің жұмыс істеп тұрған арналарды шарттарды ресімдемей, уақытша жалға алу жағдайында бөліп береді.

22-бап. Почта байланысы

1. Почта байланысының желісі почта жөнелтімдерін, ақша аударымдарын қабылдауды, сұрыптауды, тасымалдау мен жеткізуді қамтамасыз ететін, сондай-ақ шарт негізінде мерзім баспасөзді жөнелтуді, жеткізу мен таратуды, зейнетақылар мен жәрдемақыларды жеткізіп беруді ұйымдастыратын ұйымдар мен көлік құралдарының біртұтас технологиялық жүйесі болып табылады.

2. Әскери жөнелтімдердің өңделуі мен табыс етілуін Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінің фельдъегерлік-почта байланысы жүзеге асырады.

3. Почта байланысы саласындағы уәкілетті орган белгіленген тәртіппен беретін лицензиялардың негізінде почта байланысының қызмет көрсетулерін мемлекеттік емес ұ й ы м д а р ұ с ы н у ы м ү м к і н .

4. Почта жөнелтімдерін жеткізіп беру мерзімдері байланыс саласындағы уәкілетті органның нормативтік құқықтық кесімдерінде белгіленеді.

5. Почта арқылы жіберуге тыйым салынған заттардың тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

6. Почта жөнелтімін жіберуші оның бағалануын салыным құны шегінде жариялауға құқылы.

4-тарау. Телекоммуникация байланысы желілерінің өзара іс-қимылы

23-бап. Телекоммуникация желілерін қосу

1. Жалпы пайдаланымдағы телекоммуникация желісінің басымдық операторлары үшін басқа телекоммуникация желілерінің қосылу қызмет көрсетулері жағдайларын белгілейтін қосылу туралы шарт, сондай-ақ осыған байланысты желілердің өзара іс-қимылы және трафикті өткізу жөніндегі міндеттемелер, құрылымы монополияға қарсы саясат жөніндегі уәкілетті органмен бекітілетін, жариялы шарт болып табылады.

Телекоммуникация желілерінің басымдық оператордың желісіне қосылу тәртібі байланыс саласындағы уәкілетті орган бекітеді.

2. Жалпы пайдаланымдағы телекоммуникация желілерінің операторлары байланыс саласындағы уәкілетті орган бекітетін ережелерге сәйкес қосылу қызметтерін көрсетуге м і н д е т т і .

3. Басымдық операторларының телекоммуникация желілерін қосып алу е р е к ш е л і к т е р і :

1) жалпы пайдаланымдағы телекоммуникация желісінің басым операторлары үшін басқа телекоммуникация желілеріне қосып алу қызметтерін көрсету, сондай-ақ осы жағдайларға байланысты желілердің өзара іс-қимылы және трафикті өткізу жөніндегі талаптарды белгілейтін қосылу туралы шарт жария шарт болып табылады;

2) басымдық операторының қосып алу туралы шарт жасасудан бас тартуына рұқсат е т і л м е й д і .

Шарт жасасудан бас тартқан жағдайда сот сөзсіз шарт жасасу және басқа тарапқа келтірген шығындардың орнын толтыру туралы шешім шығарады;

3) телекоммуникация желілерін басым оператордың желісіне қосып алу ережесін байланыс саласындағы уәкілетті орган бекітеді.

4. Телекоммуникация желілерінің операторлары өз желілерінде әрбір байланыс қызмет көрсетулерінің пайдаланушысы үшін байланыс операторларын еркін таңдау мүмкіндігін қамтамасыз етуге тиісті.

5. Басымдық байланыс операторлары мынаған құқылы:

1) халықаралық және (немесе) қалааралық телефон байланысының қызметін өз желісінің абоненттеріне беруге;

2) халықаралық және (немесе) қалааралық телефон байланыстың қызметін басқа байланыс операторлар желілерінің абоненттеріне береді;

3) трафик транзиті бойынша қызмет көрсетулерін ұсынуға операторларына желілік ресурстарды беруге және басқа байланыс операторларының желісі қорлардың қызмет етуі.

5-тарау. Байланыс құралдарын, ғимараттардың желілерін, радиожіілік спектрін және байланыс жерсеріктерінің орбиталдық позицияларын қорғау және күзету

24-бап. Байланыс желілерінің күзет аймақтары

1. Байланыс желілерінің сақталуымен, техникалық құралдардың, ғимараттардың және құрылғылардың пайдалануын қамтамасыз ету мақсатында, жерді пайдаланудың ерекше жағдайлары бар аймақтар болып табылатын күзет аймақтары мен сүрлеулер белгіленеді.

2. Күзеті аймақтарына енгізілген жерлер жергілікті жерлерде арнаулы белгілермен белгіленеді. Бұл жерлер жердің меншік иелері мен жер пайдаланушылардан алып қояға жатпайды.

3. Күзеті аймақтарына белгілеу тәртібін және олардағы жұмыс ережесін байланыс саласындағы уәкілетті орган белгілейді. Көрсетілген аймақтардың шекараларын және олардың жерді пайдалану тәртібін Қазақстан Республикасының жер туралы заңнамасына сәйкес жерді меншікке немесе пайдалануға ұсыну туралы шешім қабылдаған орган белгілейді.

4. Қазақстан Республикасында телекоммуникация желілерін қорғау ережесін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

25-бап. Байланыс құралдарын, байланыс ғимараттары мен желілері, радиожіілік спектрі мен байланыс жерсеріктерінің орбиталдық позицияларын қорғау және күзету

1. Байланыс құралдары, ғимараттар мен байланыс желілері радиожіілік спектрі мен байланыс жерсеріктерінің орбиталдық позициялары мемлекеттің қорғауында болады.

2. Байланыс құралдарын, ғимараттар мен байланыс желілерін, радиожіілік спектрін, байланыс жерсеріктерінің орбиталдық позицияларын күзету Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленеді.

3. Радиожіілік спектрі мен байланыс жерсеріктерінің орбиталдық позицияларын пайдаланудың белгіленген тәртібін қорғау мақсатында заңнамамен электр магниттік жүйелердің жұмыс істеуіне нормаланбаған кедергілер туғызатын радио электрондық құралдарды Қазақстан Республикасында өндірілуіне және әкеліміне, сондай-ақ пайдалануына шектеулер қойылуы мүмкін.

4. Телекоммуникация желілерінің және ғимараттарының, байланыс құралдарының, радиоэлектрондық құралдар мен жиілігі жоғары қондырғыларды дайындаудың, сатып алудың, әкелудің, пайдалану мен тіркеудің, барлық мақсаттары радиоэлектрондық құралдар мен жоғары жиілікті құрылғылардың жұмысы үшін радиожіілікті пайдаланудың белгіленген тәртібін бұзуға жол берген, сондай-ақ теле- және радио

қабылдауға нормаланбаған кедергілер жасайтын жеке және заңды тұлғалар Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен жауап береді.

6-тарау. Байланыс желілерін дамыту

26-бап. Байланыс желілерін дамыту

1. Байланыс операторлары байланыс желілерін дамытуды өз беттерімен жоспарлайды және жүзеге асырады. Әмбебап байланыс қызмет көрсетулерін пайдаланушыларға беруді қамтамасыз ететін, байланыс желілерін дамыту Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін бағдарламаға сәйкес жүзеге асырылады.

2. Байланыс желілерін дамытуға бағытталған шараларды қаржыландыру банк несиелері, өзге де қарыз құралдары, меншікті қаржылар есебінен, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте, жеке және заңды тұлғалардың инвестицияларын тарту есебінен жүзеге асырылуы мүмкін.

3. Тұрғын үйлер мен басқа да объектілер салған кезде байланыстың ішкі және ішкі кварталдық желілерін жобалау мен жүргізуді, сондай-ақ абоненттік почта шкафтарын орнатуды қолданыстағы техникалық нормалар мен ережелер негізінде құрылысқа тапсырыс берушілер өз қаржылары есебінен, жүзеге асырады.

4. Тұрғын үй массивтерінің кешенді құрылысын салған кезде, өндірістік объектілер мен оған жанасып жатқан елді мекендердің құрылысын жүргізгенде, азаматтық ғимараттар мен почта бөлімшелерінің үй-жайлары мен кіретін, барлық байланыс құралдарының жобалаулары мен құрылыстарын іске асыру тапсырыс берушінің қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

5. Үйлерді, ғимараттарды, жолдарды, көпірлерді және басқа объектілерді салған немесе қайта салған кезде байланыс желілерін қайта орналастыру мен көшіру жөніндегі жұмыстар стандарттарға сәйкес құрылысқа тапсырыс берушінің және байланыс желілерінің меншік иелері мен (немесе) пайдаланушылары беретін стандарттар мен техникалық шарттарға сәйкес орындалады.

6. Байланыстың жалпы республикалық магистралдық, халықаралық желілері мен тораптарының жобалануын, құрылысын байланыс саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша, құрылыс саласындағы уәкілетті органмен берілетін, лицензия негізінде жеке заңды тұлғалар жүргізеді.

7. Басшылары үкіметтік байланыс желісінің абоненттері болып табылатын мемлекеттік органдардың ғимараттарын, кешендер және объектілерін және ұйымдарды салу барысында, құрылыстары мен объектілерін салу кезінде арнайы мақсаттағы қосу желілері мен ішкі байланыс желілерін жобалау және төсеу құрылысқа тапсырыс берушінің меншік жалғанатын қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

27-бап. Көлік құралдарын пайдалану

1. Байланыс операторлары мен арнайы және фельдъегерлік қызметтерге шарттық негізде теміржол, теңіз, әуе және автомобиль көлігінің барлық бағыттары мен желілері бойынша почта байланысының қызметкерлерінің, фельдъегерлік байланыстың және арнайы фельдъегерлік байланыстың қарулы қызметкерлерінің алып жүруімен почталық және арнайы жөнелтімдерді тасымалдауға, сондай-ақ тасымалдау үшін почта жөнелтімдерін көлік ұйымдарының жауапкершілігіне тапсыруға құқық беріледі.

2. Алып жүрудің қалааралық және халықаралық бағыттары бойынша тасымалдауды тұрақты жүзеге асыратын көлік ұйымдары Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделгеннен басқа жағдайларда, почталық және арнайы жөнелтімдерді тасымалдауға шарт жасасудан бас тарта алмайды, сондай-ақ мыналарды:

арнайы және фельдъегерлік байланыс қызметкерлерінің олардың қызметтік міндеттерді орындауы кезінде кезексіз билет сатып алу;

әуе, су және теміржол көліктерінің тұрақтарына арнайы және фельдъегерлік байланыс қызметтері автокөлігінің өтуі;

арнайы және фельдъегерлік байланыс қызметтері қызметкерлерінің жолаушыларды жалпы отырғызуға дейін отыру құқықтарын қамтамасыз етеді.

3. Арнайы және фельдъегерлік байланыс қызметкерлерінің автокөлігін қандай да болмасын айрықшалайтын жазу жазылмай-ақ арнайы санатқа жатады және соғыс жағдайын енгізу немесе соғыс кезеңін жариялау, сондай-ақ төтенше жағдайлар енгізуді не табиғи не техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды қоспағанда, бұл қызметтердің келісімінсіз мемлекеттік органдар мен ұйымдардың мүдделерінде п а й д а л а н у ы м ү м к і н е м е с .

4. Зақымданған желілерді және байланыс құралдарының қалпына келтіру жөніндегі шұғыл авариялық-техникалық жұмыстарды жүргізу кезінде көлік құралдарының иелері байланыс кәсіпорындарына көлік құралдарын кезексіз ұсынады.

Байланыс ұйымдарына тиесілі көлік құралдарының арнайы белгісі болуы мүмкін және қызмет көрсетулерді ұсынуға пайдаланылуы мүмкін емес.

28-бап. Байланыс жерлерін беру мен пайдалану

1. Байланыс желілеріне байланыс операторларына меншікке, тұрақты немесе уақытша пайдалануға, сондай-ақ жер учаскесіне шектелген мақсаттық пайдалану (сервитут) құқығында ұсынылатын жер учаскелері жатады.

2. Автомобиль және теміржол станциялары, әуежайлар, теңіз, өзен порттары мен айлақтары жанынан почта тасымалы бөлімшелері үшін үйлер мен ғимараттар салуға арналған жер учаскелері автомобильдермен, почта вагондарымен, почта, ұшақтармен, теңіз және өзен кемелерімен жеткізілген почта жөнелтімдерін алмасу үшін жағдайлар қамтамасыз етіліп, вокзал үйлерінің дәл жанын, ал қалалық почтамптар мен почта байланысы тораптарының құрылысына қаланың орталық бөлігінен бөлінуге тиіс.

3. Байланыс операторларына ұсынылатын жер учаскелерінің, оның ішінде күзет аймақтары мен сүрлеу жолдардың өлшемдері белгіленген тәртіппен бекітілген осы

қызмет түрі үшін жер учаскелерін бөлу нормаларына және жобалау-техникалық құжаттамаға сәйкес белгіленеді.

Байланыс жерлерін пайдалану тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі немесе ол өкілеттік берген орган белгілейді.

4. Байланыс саласындағы қызметті жүзеге асыратын шаруашылық субъектілерінің меншік нысандарына қарамастан атқарушы органдардың шарттары мен шешімдеріне сәйкес көпірлер, тоннелдер, көшелер, автомобиль жолдары мен темір жолдарын, құрылыстар, коллекторлар, тыйым салынған аймақтар, ормандар сулар арқылы байланыс желілерін тартуға құқығы бар.

5. Табиғи аумақтары ерекше күзетілетін жерлерде және жер пайдаланудың ерекше жағдайлары бар аймақтарға телекоммуникация желілері мен объектілерінің құрылысы аталған жерлерде (аумақтарда) жер пайдаланудың белгіленген тәртібін есепке ала отырып жүзеге асырылды.

6. Жер учаскесіндегі, ғимараттағы немесе құрылыстардағы жұмыстарды аяқтағаннан кейін байланыс операторы немесе тапсырыс беруші жер учаскесін, ғимараттағы немесе құрылысты бастапқы күйіне өз есебінен келтіруге және жер учаскесінің меншік иесіне, жер пайдаланушыға, немесе ғимараттың, құрылыстың меншік иесіне келтірілген шығындарды өз есебінен өтеуге міндетті.

7. Желілер мен объектілердің құрылысын жүргізген кезде байланыс операторлары табиғатты қорғау технологиясын қолданулары қажет және қызметті жүзеге асырған кезде экологиялық жағдайдың нашарлауына жол бермеулері тиісті. Қоршаған ортаға және халықтың экологиялық қауіпсіздігіне келтірген залалы үшін жоғарыда аталған операторлар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жауапты болады.

8. Елді мекендерді құру, жаңа жерлерді игеру, мелиорация жүйелерін қайта орналастыру, пайдалы қазбаларды зерттеу салдарынан байланыс ғимараттарының көшірілуі немесе қайта орналастырылуы байланыс желілері иелерінің және (немесе) пайдаланушыларының техникалық шарттары бойынша және стандарттарға сәйкес құрылысқа тапсырыс берушілердің өз есебінен жүргізіледі. Бұл орайда байланыс ғимараттары иелерінің есебінен жүзеге асырылады.

9. Иегер немесе жерді пайдаланушы, меншігі немесе жер пайдалану құқығында иеленіп отырған жер участігін мүдделі байланыс операторларына шектеулі мақсаттағы пайдалану құқығында беруге міндетті.

10. Байланыс объектілері орналасқан жер учаскелеріне құқықтар беру жергілікті атқарушы органдардың шешімі, жер учаскесінің сатып алу-сату шарты, жер учаскесін жалға беру шарты негізінде, сондай-ақ жер учаскесін шектеулі пайдалану жөніндегі (сервитут шарты) шарт бойынша жүзеге асырылады.

7-тарау. Әмбебап байланыс қызметтері

29-бап. Әмбебап байланыс қызметтері

1. Әмбебап байланыс қызметтерінің тізімін Қазақстан Республикасының Үкіметі б е к і т е д і .

Әмбебап байланыс қызметтері ретінде дауыстық телефондама және қол жеткізу желісін пайдалану секторында бекітілген, және олардың қызмет көрсету сапасы параметрлерімен байланыс саласындағы белгіленген уәкілетті органмен халыққа ұсынылуы міндетті болып табылатын байланыс қызмет көрсетулері белгіленуі тиісті.

Әмбебап байланыс қызмет көрсету ұсынуларының негізгі өлшемдеріне мыналар ж а т а д ы :

байланыс қызмет көрсетулерін пайдаланушылары үшін бағалық қол жеткізілім; елді мекеннің санатын және тұрғындардың санын есепке ала отырып белгіленетін, тұрғылықты орны бойынша қол жеткізілім;

белгіленген уақыт кезеңі үшін жеке телефондар немесе белгіленген қол жеткізу желілері сандарының енгізілуін есепке ала отырып белгіленетін (қоғамдық телефондарды орнату) уақыт бойынша қол жеткізілімі.

2. Жалпы пайдаланымдағы телекоммуникация желілеріне қалааралық және (немесе) халықаралық телефон байланысының берілу құқығы үшін мемлекеттік бюджетке Қазақстан Республикасының салық заңнамасымен белгіленетін тәртіпте қалааралық және (немесе) халықаралық телефон байланысының берілгендігі үшін төлемақы е н г і з і л е д і .

3. Байланыстың әмбебап қызмет көрсетулеріне қатысты тарифтер міндетті мемлекеттік реттелуге жатады және Қазақстан Республикасының Үкіметімен бекітіледі . Бұл орайда тариф қызмет көрсетулерінің берілуі үшін қажетті шығындар құнынан төмен болмауға тиісті және байланыс операторларының тиімді қызмет істеуін қамтамасыз ететін кірісті алу мүмкіндігін ескерулері қажет.

30-бап. Әмбебап байланыс қызметтерін көрсету операторы

1. Әмбебап байланыс қызмет көрсетулері конкурс бойынша іріктелініп алынатын немесе осы баптың 2-тармағына сәйкес тағайындалатын байланыс операторларымен ж ү з е г е а с ы р ы л а д ы .

2. Қазақстан Республикасы облысының аумағында (оның ерекшеліктерін ескере отырып) қолданыста жүрген әмбебап байланыс қызметтерін көрсету жөніндегі байланыс операторларының саны барлық ықтимал пайдаланушыларды әмбебап байланыс қызмет көрсетулерімен қамтамасыз ету қажеттілігінен шыға отырып б е л г і л е н е д і .

Әмбебап байланыс қызметтерін көрсетудегі әрі қарай шығындарды өтеу құқығы Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен жалпы пайдаланымдағы телекоммуникация желілері операторларының арасында өткізілетін конкурстың

нәтижелері бойынша ұсынылады.

Конкурса қатысуға өтінімдер болмаған жағдайда немесе жеңімпазды анықтау мүмкін болмағанда, байланыс саласындағы уәкілетті орган белгілі бір аумақта жалпыға қол жеткізімді байланыс қызметтерін көрсетуді осы аумақта өтеу құқысы бар жалпы пайдаланымдағы телекоммуникация желісінің қызмет көрсетулерін ұсынатын басым операторға жүктейді.

3. Басым операторлардың оған жүктелген жалпыға қол жеткізімді байланыс қызметтерін көрсету жөніндегі міндеттен бас тартуға құқығы жоқ.

31-бап. Әмбебап байланыс қызметтерін көрсетуге өтемақы

1. Егерде бұл конкурс нәтижелерімен немесе шарт негізінде, осы аумақта жалпы пайдаланымдағы телекоммуникация желісінің басымдық операторларына әмбебап байланыс қызмет көрсетулерінің берілуі жөніндегі міндеттемелердің артылу жағдайларымен белгіленген болса, әмбебап байланыс қызметтерін көрсететін байланыс операторларының шығындары өтелуге тиісті.

2. Өтемақы мөлшерін белгіленген кезде әмбебап қызмет көрсету операторлары осы қызмет көрсетулері үшін пайдаланылатын, байланыс қызмет көрсетулері мен байланыс желісінің бөлімдеріне көрсетілетін қызмет түрлері бойынша кірісі мен шығыстардың бөлек есепке алынуы жүзеге асыруға міндетті.

3. Халыққа әмбебап байланыс қызметтерін көрсететін байланыс операторларына келтірілген залалдарды өтеуге арналған әмбебап байланыс қызмет көрсетулері құнының қаражаттандыру Ережелерін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

8-тарау. Байланыс қызмет көрсетулерін пайдаланушылардың құқықтары

32-бап. Байланыс қызмет көрсетулерінің сапасы

1. Байланыс операторлары байланыс қызмет талаптарына пайдаланушыларға сапасы жағынан стандарттарға, техникалық нормаларға, байланыс қызметін көрсету шартының талаптарына сәйкес ұсынуға міндетті.

2. Байланыс қызмет көрсетулері Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіптегі жеңілдіктер мен артықшылықтар ескеріле отырып, байланыс саласындағы уәкілетті органмен бекітілетін, байланыс қызмет көрсетулерінің берілу ережелеріне сәйкес пайдаланушылардың барлық санаттары үшін (халық, бюджеттік ұйымдар, шаруашылық жүргізуші субъектілер) теңдей жағдайда көрсетіледі.

33-бап. Байланыс қызмет көрсетулерін пайдаланушылардың құқықтарын қорғау

1. Пайдаланушылардың өздеріне тиісті сападағы байланыс қызметін көрсету, осындай қызметтер туралы және олардың орындаушылары туралы ақпарат алу құқықтарын қорғау, сондай-ақ осы құқықтарды іске асырудың тетіктерін Қазақстан Республикасының заңдары реттейді.

2. Байланыс операторлары Қазақстан Республикасының Конституциясы кепілдік берген хат жазысудың, телефондық сөйлесулердің, почталық жөнелтімдерінің, телеграфтық және заңнамамен тікелей белгіленген, бұл құқықтың жағдайлары басқа, телекоммуникация желілері бойынша берілетін өзге де хабарламалардың құпиялығын қ а м т а м а с ы з е т е д і .

3. Жергілікті телефон байланысының қызмет көрсетулерін ұсынатын жалпы пайдаланымдағы телекоммуникация желілерінің байланыс операторлары анықтамалық қызметтерді құру немесе телефон нөмірлерінің анықтамалығын жариялау мақсатында сұрау салу бойынша бір-біріне өз желісінің пайдаланушылары туралы өз деректерге қол жеткізуді ұсынуға міндетті. Ақпарат осы Заңның және пайдаланушылар құқығын қорғау туралы Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын ескере отырып ұ с ы н ы л а д ы .

4. Байланыс операторынан абоненттер туралы қызметтік ақпарат алуға тек пайдаланушының келісімімен және осы Заңның 13-бабында карастырылған жағдайларда ғ а н а р ұ қ с а т е ті л е д і .

Телефон сөйлесулерін тыңдау, телекоммуникация хабарларымен танысу, ұстап қалу, почта жөнелтімдері мен құжаттық хат-хабарларды жәшіктен алу және қарап тексеру, олар туралы мәліметтер алу, сондай-ақ байланыс құпияларының басқа да шектеулері тек Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіптегі жағдайда рұқсат е т і л е д і .

5. Қызмет көрсетулерді пайдаланушылардың хат жазысу, телефондық сөйлесулер, почталық, телеграфтық және хабарламалары құпиялығын заңсыз бұзылғандықтары үшін байланыс операторлары заңдарға сәйкес жауап береді.

6. Байланыс операторының жергілікті телефон жалғауды уақытына қарай есептеуді жүзеге асыруға техникалық мүмкіндіктері болған жағдайда байланысты пайдаланушы - жеке тұлға қызметке абоненттік немесе уақытына қарай ақы төлеу жүйелерінің бірін т а ң д а п а л у ғ а қ ұ қ ы л ы .

Қызмет көрсетулердің мерзімдік ақы төлеу жүйесін қолданған кезде пайдаланушының талабы бойынша байланыс операторы ақы төлеуге жататын, орын алған жергілікті телефон қосылыстары туралы жазбаша ақпарат тегін беруге міндетті.

Мұндай ақпаратты бермеген жағдайда пайдаланушы қызмет көрсетулердің төлемақысын абоненттік жүйе бойынша төлеуге құқылы.

Байланыс қызмет көрсетулерінің пайдаланушы - заңды тұлға жергілікті телефондық қосылыстардың есептерін мерзімдік ақы төлеу жүйесі бойынша жүзеге асырады.

9-тарау. Байланыс қызмет көрсетулерінің берілу ерекшеліктері

34-бап. Байланыс операторларының қызметінде тілдер мен алфавиттерді пайдалану

1. Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында, байланыс желілерінде меншік нысанына қарамастан, байланыс операторларының қызметтік іс жүргізуі мемлекеттік немесе орыс тілінде жүзеге асырылады.

2. Қазақстан Республикасының шегінде жіберілетін жеделхаттар мен почта жөнелтімдерін жіберуші мен алушының мекен-жайлары жөнелтушінің қалауы бойынша мемлекеттік немесе орыс тілінде ресімделуі тиіс.

3. Жеделхаттың мәтіні жөнелтушінің қалауы бойынша мемлекеттік немесе орыс тілінде жазылуы тиіс.

4. Байланыс желілері арқылы берілетін халықаралық хабарламалар Қазақстан Республикасының хабарлық шарттары мен келісімдерінің нормаларында белгіленетін тілдерде өңделеді.

5. Мемлекеттік және орыс тілдеріндегі ақпараттар, байланыс операторларының қызметіне қатысты басқа да мәліметтер, сондай-ақ бланк өнімінің үлгілері пайдаланушыларға ыңғайлы жерлерге орналастырылады.

6. Почта байланысы бөлімшелері, почтамптар, сөйлесу пункттері, ақпараттық-анықтамалық қызметтер операторларының, байланыс кәсіпорындарының (ұйымдарының) басқа да қызметкерлерінің пайдаланушылармен жұмыс процесінде тікелей тілдесуі мемлекеттік тілде немесе орыс тілінде жүзеге асырылады.

35-бап. Байланыс саласындағы есепке алу-есеп беру уақыты

1. Байланыс саласындағы қызметті жүзеге асырған кезде байланыс операторларының хабарламалар мен ақпаратты беру немесе қабылдап алудың технологиялық процестерінде олардың Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан жеріне қарамастан, байланыс саласындағы уәкілетті орган белгілейтін біріңғай есепке алу-есеп беру уақыты қолданылады.

2. Байланыс қызмет көрсетулерінің берілу көрсетілу уақыты туралы пайдаланушыларға хабарлау жергілікті уақыт бойынша жүргізіледі.

3. Халықаралық байланыста есепке алу-есеп беру уақыты Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарымен белгіленеді.

10-тарау. Байланыс саласындағы қызметті жүзеге асыру кезіндегі жауапкершілік

36-бап. Байланыс операторлары мен пайдаланушылардың жауапкершілігі

1. Байланыс операторлары - жарияланған бағаланымы мен алынған тариф мөлшерінде бағалы почта жөнелтімдерінің жоғалғаны, бүлінгені үшін, жеделхат мәтінінің мағынасы өзгеретіндей бұрмаланғаны, жеделхаттың жеткізілмегені немесе жеделхаттың белгіленген мерзімі өтіп кеткен соң жолданым иесіне табыс етілгені үшін заңдарда белгіленген тәртіппен материалдық жауапкершілікте алады.

Байланыс саласындағы заңнаманы бұза отырып пайдаланушыға, байланыс қызметтерін беретін байланыс операторы, пайдаланушыға осы тәртіп бұзушылықтың салдарынан келтірілген шығынның орнын толықтыруға міндетті.

2. Байланыс қызмет көрсетуін пайдаланушы шарттық жағдайларды, жабдықтардың пайдалану тәртібін, телекоммуникация желілерінде сертификаты жоқ жабдықтардың пайдалануын бұзған кезде, сондай-ақ байланыс қызмет көрсетулерінің төлемдерін уақытылы төлемеген кезде, байланыс операторы жазбаша хабарлағаннан кейін, осы Заңның 13-бабы 3-тармағында қарастырылған жағдайларды қоспағанда, заңдарға сәйкес жабдықтардың зақымдалуы немесе бос тұруы салдарынан байланыс операторына келтірілген залалды өтеу және байланыс операторының кіріс шығындарын пайдаланушының байланыс операторы пайдаланушылық байланыс желісіне қол жеткізуін тоқтата тұруға құқылы.

3. Егер міндеттемелердің бұлайша орындалмауы немесе тиісінше орындалмауы байланысты пайдаланушының кінәсінен, не шамасы келмейтін жағдайлар салдарынан болғаны дәлелденсе, хабарламаны беру немесе қабылдап алу не почта жөнелтімдерін жөнелту немесе жеткізу жөніндегі міндеттемелердің орындалмағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін, байланыс операторы жауап бермейді.

11-тарау. Халықаралық ынтымақтастық

37-бап. Халықаралық ынтымақтастық

1. Байланыс саласындағы халықаралық ынтымақтастық халықаралық шарттардың негізінде жүзеге асырылады.

2. Халықаралық қызметте байланыс саласындағы уәкілетті орган Қазақстан Республикасының Үкіметі берген және халықаралық шарттарда көзделген өз өкілеттіктері шегінде Қазақстан Республикасының байланыс әкімшілігі ретінде халықаралық одақтар мен байланыс ұйымдарында Қазақстан Республикасының мүдделерін білдіреді және қорғайды.

38-бап. Осы Заңды қолданысқа енгізу тәртібі

1. Осы Заң 2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 24-баптың 5-тармағының 2) және 3) тармақшаларын қоспағанда, ресми түрде жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

2. "Байланыс туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 18 мамырдағы Заңының (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., N 12, 396-құжат; 2001 ж., N 24, 338-құжат; 2003 ж., N 1-2, 10-құжат) күші жойылды деп танылсын.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

